


Мi портативті Bluetooth бағанасын пайдаланушы нұсқаулығы



Пайдаланбас бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Оны сақтап қойыңыз — кейіннен ол қажет етілуі мүмкін.

## Құрылғыға шолу

---



## Нұсқаулық

---

### Зарядтау

Бағананы өшірулі күйде зарядтаған кезде, индикатор қызғылт сары түспен жанып, толық зарядталғаннан кейін сөнеді. Бағананы қосулы күйде зарядтау кезінде зарядтау индикациясы болмайды. Аккумулятор заряды төмен болған кезде бағана қосылған жағдайда, индикатор қызғылт сары түспен жыпылықтайды. Оны жақын арада зарядтаңыз.

### Қосу

Қуат көзі батырмасын 2 секунд басып тұрыңыз, индикатор 1 секунд ішінде көк түсті болады, содан кейін Mi портативті Bluetooth бағанасы қосылады. Бірінші қосқан кезде бағана қосылуды күтеді.

### Өшіру

Mi портативті Bluetooth бағанасын өшіру үшін қуат көзі батырмасын 2 секунд басып тұрыңыз.

### Баптауларды арылту

Дыбыс, Bluetooth немесе аккумуляторды зарядтау проблемалары болған жағдайда, қуат көзі батырмасын 12 секунд бойы басып тұрыңыз. Индикатор 1 секунд бойы қызғылт сары болған кезде арылту аяқталды.

## Қосылу

---

### Құрылғыға қосылу

Қуат көзі батырмасын 2 секунд басып тұрыңыз. Индикатор 1 секунд бойы көк түспен жылтырағаннан кейін, бағана іске қосылады. Содан кейін индикатор көк түспен жыпылықтайды, бұл бағананың қосылуды күтетінін көрсетеді. Өзіңіздің құрылғыңызда Bluetooth функциясын қосыңыз, содан кейін «Mi Portable Bluetooth Speaker» іздеңіз және қосыңыз. Егер құпиясөз сұралса, «0000» енгізіңіз. Бағана мен сіздің құрылғы сәтті қосылғаннан кейін индикатор көк түсті болып қалады. Егер бағана кез-келген құрылғыға 30 минут ішінде қосылмаса, ол автоматты түрде өшеді.

### Автоматты қосылу

Mi портативті Bluetooth бағанасы қосылғаннан кейін жаңадан қосылған Bluetooth құрылғысына автоматты түрде қосылады. Егер қосылу тарихы анықталмаса немесе кез-келген Bluetooth құрылғысына қосылу мүмкін болмаса, индикатор көк түспен жыпылықтайды, ал бағана қосылуды күту режиміне өтеді. Ескертпе. Егер бағана құрылғыға автоматты түрде қосыла алмаса, бағананы құрылғыдағы Bluetooth баптаулары арқылы қажетті құрылғыға қолмен қосу керек.

### Жаңа құрылғыға қосылу

Бағанаңыздың өшірулі екендігіне көз жеткізіңіз. Түйіндескен Bluetooth құрылғысына автоматты түрде қосылуды болдырмау үшін қуат көзі батырмасын 6 секунд бойы басып тұрыңыз. Индикатор 1 секунд ішінде көк түспен жанып тұрады, содан кейін Mi портативті Bluetooth бағанасы қосылады және қосылуды күту режиміне өтеді. Сіздің жаңа құрылғыңызда Bluetooth қосыңыз, содан кейін бағананы өзіңіздің құрылғыңызға қосыңыз.

Қосылыс үзілді

Құрылғы динамиктің сымсыз желісінің әрекет аумағынан тыс болған кезде қосылыс үзіледі. Егер құрылғы 30 минут ішінде сымсыз желінің әрекет аумағына ауысса, динамик автоматты түрде құрылғыға қайта қосылады. Егер бағана кез-келген құрылғыға 30 минут ішінде қосылмаса, ол автоматты түрде өшеді.

Сіздің құрылғыда Bluetooth өшірілген немесе құрылғы өшірілген жағдайда, бағана автоматты түрде қосылуды күту режиміне өтеді.

## Шынайы сымсыз стерео функциясы

---

Шынайы сымсыз стерео функциясы екі портативті Mi Bluetooth бағаналарына стерео құбылыспен сымсыз дыбысты ойнату үшін бір-біріне қосылуға мүмкіндік береді.

Шынайы сымсыз стерео функциясын қосу

A тәсілі:

A бағанасын сіздің құрылғыға қосыңыз. Шынайы сымсыз стерео түйіндесу режиміне кіру үшін A бағанасының қуат көзі батырмасын екі рет басыңыз. B бағанасын қосыңыз, ол қосылуды күтетініне және кез-келген құрылғыға қосылмағанына көз жеткізіңіз. Осыдан кейін екі динамик бір-біріне автоматты түрде қосылады.

B тәсілі:

Екі Мi портативті Bluetooth бағаналарын қосыңыз және екі бағана да құрылғыларға қосылмағанына көз жеткізіңіз. Кез келген екі бағананың қуат көзі батырмасын екі рет басыңыз, бағаналар шынайы сымсыз стерео түйіндесу режиміне кіреді, содан кейін бір-біріне автоматты түрде қосылады. Сіздің құрылғыда Bluetooth қосыңыз, содан кейін құрылғыңызды бағаналарға қосыңыз.

Шынайы сымсыз стерео функциясын өшіру

Шынайы сымсыз стерео функциясын өшіру үшін кез-келген динамиктің қуат көзі батырмасын екі рет басыңыз.

Ескертпелер:

- Бағаналар сіздің құрылғыға сәтті қосылғаннан кейін шынайы сымсыз стерео функциясы қосылады. Көк түспен жарқыраған индикаторы бар бағана оң жақ арнаның динамигі, ал көк түспен жыпылықтайтын индикаторы бар бағана сол жақ арнаның динамигі болып табылады. Ойнату / Пауза сияқты әрекеттер екі бағанада да қолжетімді.
- Егер шынайы сымсыз стерео функциясы қоңырау шалу кезінде қосылса, тек оң жақ арнаның динамигі жұмыс істейді.

## Техникалық сипаттамалары

Үлгісі: XMYX04WM Таза салмағы: 190 г Зарядтауға арналған ажыранды: C түрі Енгізу: 5 В = 1 А

Сымсыз қосылыс: Bluetooth 5.0

Bluetooth профильдері: HFP/A2DP/AVRCP

Сымсыз желінің әрекет аумағы: 10 м (кедергісіз ашық кеңістікте)

Бұйымның өлшемдері: 86 × 86 × 45 мм

Bluetooth жұмыс жиілік диапазоны: 2402-2480 МГц

BT үшін таратудың максималды қуаты: 10 дБм (ЕО арналған декларация)

BLE үшін таратудың максималды қуаты: 10 дБм (ЕО арналған декларация)

## Батырмаларға арналған нұсқаулық

	Сипаттамалары	Әрекеттер
	Қосу	Қуат көзі батырмасын 2 секунд басып тұрыңыз.
	Өшіру	Қуат көзі батырмасын 2 секунд басып тұрыңыз.
Қоңырау режимі	Қоңырауға жауап беру	Қуат көзі батырмасын басыңыз
	Қоңырау шалуды аяқтау	Қуат көзі батырмасын басыңыз
	Дыбысты өшіру	Қуат көзі батырмасын екі рет басыңыз
Музыкалық режим	Ойнату	Қуат көзі батырмасын басыңыз
	Пауза күйі	Қуат көзі батырмасын басыңыз
	Шынайы сымсыз стерео	Қуат көзі батырмасын екі рет басыңыз
	функциясын қосу/ өшіру	

Электр және электрондық жабдықтың қалдықтарын кәдеге жарату және қайта өңдеу туралы ақпарат



Пайдаланылған электр және электрондық жабдықты бөлек жинау символымен белгіленген барлық бұйымдарды (WEEE, 2012/19/EU директивасы) сұрыпталмаған тұрмыстық қалдықтардан бөлек кәдеге жарату керек. Денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау

мақсатында мұндай жабдықты үкімет немесе жергілікті билік органдары айқындаған электр және электрондық жабдықты қабылдайтын арнайы пункттерге қайта өңдеуге тапсыру қажет. Дұрыс кәдеге жарату және қайта өңдеу қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал жағымсыз салдардың алдын алуға көмектеседі. Мұндай жинау пункттері қайда орналасқанын және олар қалай жұмыс істейтінін білу үшін жабдықты орнатумен айналысатын компанияға немесе жергілікті билік органдарына хабарласыңыз.

## ЕО нормативтік талаптарына сәйкестік туралы декларация



Осымен Tiinlab компаниясы XMYX04WM радио жабдығының түрі 2014/53/EU директивасының талаптарына сәйкес келеді деп мәлімдейді. ЕО нормативтік талаптарына сәйкестік туралы декларацияның толық мәтіні келесі мекенжай бойынша қолжетімді:  
<http://www.mi.com/global/service/support/declaration.html>

## Қауіптілік туралы ескерту

- Батареялар мен батарея блоктарын шамадан тыс қыздырмаңыз, мысалы, тікелей күн сәулесінің, от көздерінің және т. б. әсеріне ұшыратпаңыз.
- Батареяны қорғанысты бұзуы мүмкін сәйкес келмейтін батареямен алмастырмаңыз (мысалы, жану, жарылыс, агрессивті электролиттің ағуы және т.б.).
- Батареяны жағып жоймаңыз және оны ыстық тұмшاپешке салмаңыз, батареяларды механикалық бұзбаңыз немесе кеспеңіз, бұл жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Батареяны температурасы өте ыстық қоршаған ортада қалдырмаңыз, бұл жанғыш сұйықтықтың немесе газдың жарылуына немесе ағып кетуіне әкелуі мүмкін.



- Батарейяны өте төмен ауа қысымына ұшыратпаңыз, бұл жанғыш сұйықтықтың немесе газдың жарылуына немесе ағып кетуіне әкелуі мүмкін.
- БАТАРЕЯНЫҢ БҰРЫС ТҮРІН ҚОЛДАНУ ЖАРЫЛЫСҚА ӘКЕЛУІ МҮМКІН.
- ПАЙДАЛАНЫЛҒАН БАТАРЕЯЛАРДЫ НҰСҚАУЛАРҒА СӘЙКЕС КӘДЕГЕ ЖАРАТЫҢЫЗ.
- Бұйымды пайдалану кезінде қоршаған ортаның максималды температурасы 40 ° C құрайды.
- Аспапты тропикалық климат жағдайында қолдануға болады.
- Аспапты ашық от көзіне, мысалы жанып тұрған шамдарға қоюға тыйым салынады.
- Аккумуляторды кәдеге жаратудың экологиялық аспектілеріне назар аудару қажет.



Есту қабілетіне зақым келтірмеу үшін аудионы ұзақ уақыт бойы жоғары деңгейде тыңдамаңыз.



Символ тұрақты кернеуді білдіреді

Таңбалық ақпарат құрылғының төменгі жағында орналасқан.

Bluetooth® сөздік белгісі мен логотипі Bluetooth SIG, Inc. компаниясына тиесілі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді Xiaomi Inc. компаниясымен кез келген пайдалану лицензия бойынша жүзеге асырылады. Басқа сауда белгілері мен сауда атаулары олардың тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

**EAC**

## КЕПІЛДІК ХАБАРЛАМА

Xiaomi клиенті ретінде сіз белгілі бір жағдайларда қосымша кепілдіктердің артықшылықтарына ие боласыз. Xiaomi компаниясы сіздің тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы ұлттық заңнамаңыздың заңды кепілдіктерін толықтыратын, бірақ алмастырмайтын клиенттерге белгілі бір кепілдік артықшылықтарын ұсынады. Құқықтық кепілдіктердің ұзақтығы мен шарттары тиісті жергілікті заңдарда көрсетілген. Тұтынушылардың кепілдік артықшылықтары туралы қосымша мәліметтерді Xiaomi ресми веб-сайтынан қараңыз <https://www.mi.com/en/service/warranty/>. Сатудан кейінгі қызмет заңмен тыйым салынған жағдайларды қоспағанда немесе Xiaomi компаниясымен көзделгеннен басқа, елде немесе сатып алу аймағында жүзеге асырылады. Xiaomi компаниясы тұтынушылардың кепілдік шарттарына сәйкес және заңнамада көзделген жағдайларда өнімді жөндеуді, ауыстыруды немесе құнын өтеуді жүзеге асыруға міндеттенеді. Кепілдік әдеттегі пайдаланғаннан тозу, форс-мажор, пайдаланушының ұқыпсыздығы немесе теріс пайдалануы нәтижесінде зақымдану жағдайларын өтемейді. Сатудан кейінгі қызмет көрсету үшін байланыс тұлғасы Xiaomi авторландырылған қызмет көрсету желісінің, Xiaomi авторландырылған дистрибьюторының кез келген тұлға немесе өнімді сатып алған сатушы болуы мүмкін. Егер сізде қандай да болсын сұрақтар туындаса, Xiaomi компаниясындағы тиісті тұлғаға хабарласыңыз.

Осы кепілдік Гонконг пен Тайваньға қолданылмайды.

Осы кепілдік тиісті түрде импортталмаған, Xiaomi компаниясымен өндірілмеген және/немесе Xiaomi немесе оның ресми өкілінен сатып алынбаған өнімдерді қамтымайды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, сіз өнімді сатқан ресми дистрибьютордың кепілдіктеріне сене аласыз. Сондықтан Xiaomi компаниясы сіз өнімді сатып алған сатушыға хабарласуды ұсынады.

## **Құрылғының мақсаты**

Портативті музыка ойнатқышы желі розеткасы жоқ жерде де музыка ойнатуға арналған.

## **Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары**

- Құрылғыны монтаждау (орнату) тәсілі пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған.
- Құрылғыны сақтау ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі аралықта және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында орындалуы тиіс. Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аспаптың ақаулығы анықталған кезде дереу авторластырылған сервис орталығына хабарласу немесе аспапты кәдеге жарату керек.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. ықпал етуінен сақтаңыз.

- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол мемлекеттік заңнамаға сәйкес кейінірек қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты қабылдайтын тиісті орынға кәдеге жаратуға тапсыруға жатады. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтап қалуға көмектесесіз және тиісінше қарамаған жағдайда орын алуы мүмкін қоршаған орта және адамдардың денсаулығы үшін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Тиинлаб Акустик Тэкнолоджи Лимитед.

Тяньляо ғимараты 1403, Тяньляо А өнеркәсіптік аймағы, Таююань көш., Наньшань ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.

**Дайындаушы уәкілеттік берген тұлға:** «Рустон» ЖШҚ,

143441, Ресей, Мәскеу облысы, Красногорск қ., Путилково а., Гринвуд аумағы, 17 құр., 1 қабат 94 үй-жай.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Қазақстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 020/2016 ЕАЭО ТР «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сауда таңбасы: Мі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай. Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Тауарды дайындау күні қаптамада көрсетілген.





